

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Қоғамды басқаратын саяси институт
А) Бірлестік
В) Мемлекет
С) Ұйым
D) Кәсіподақ
2. Бұқаралық ақпарат құралдарының адамның ойлауына, ерекше санамен құндылықтарды қалыптастыруға зор әсерін тигізетін қызметі
А) Ақпараттық
В) Идеологиялық
С) Білім беру
D) Тәрбиелік
3. Әрбір азаматтың тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауы, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауы
А) Міндет
В) Еркіндік
С) Құқық
D) Таңдау
4. Сот билігіндегі «заңдылық» қағидатына сәйкес анықтама
А) сот төрелігін соттың ғана жүргізуі
В) заңның сақталуы мен орындалуын сот жүзеге асырады
С) адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу
D) судьялардың тәуелсіздігі
5. Конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзіне жатады
А) конституция
В) кодекс
С) конвенция
D) декларация
6. Атқарушы билікке байланысты органды анықтаңыз
А) Жоғарғы сот
В) Мәжіліс
С) Үкімет
D) Сенат
7. 2003 жылы 20 маусымда қабылданған табиғатты қорғау қызметін реттеп отыратын кодекс
А) Жер кодексі
В) Отбасы кодексі
С) Орман кодексі
D) Табиғат кодексі

8. Қылмыстық заңда іс-әрекетті қоғамға қауіпті деп тану, оны жазалауға жатады деп есептеу
 - A) Әрекетсіздік
 - B) Теріс қылық
 - C) Қажетті қорғаныс
 - D) Қылмыс деп тану
9. Кәсіби деңгейіне қарамастан туыстарына немесе достарына артықшылық беретін фаворитизмнің бір түрі
 - A) коллизия
 - B) непотизм
 - C) нигилизм
 - D) сепаратизм
10. Іс әрекетті (қылмыстық заңдағы іс әрекеттен басқасын) қоғамға қауіпсіз және жазалауға жатпайды деп есептеу
 - A) Әрекетсіздік
 - B) Қажетті қорғаныс
 - C) Қылмыс деп тану
 - D) Қылмыс деп танылмау
11. Авторлық құқықтың объектісі
 - A) орден
 - B) елтаңба
 - C) әдеби туынды
 - D) қаражат
12. Ата-ана құқығынан айыру жүзеге асырылады
 - A) Адвокаттардың рұқсатымен
 - B) Ата-ананың бірінің сұрауымен
 - C) Прокурордың талабымен
 - D) Соттың шешімімен
13. Жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері дегеніміз:
 - A) Қағидалар
 - B) Қайнар көздер
 - C) Нормалар
 - D) Әдістер
14. Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік Кодексінің 60-бабы бойынша тергеушінің құзіретіне жатады
 - A) сот отырысында тәртіпті сақтау
 - B) анықтаушының әрекетіне санкция беру
 - C) сот шешімінің заңдылығын қадағалау
 - D) алдын ала тергеуді жүзеге асыру
15. Ведомстволық бағыныштылық институттарының ішінен артығын анықтаңыз
 - A) Медиатор
 - B) Сот
 - C) Прокурор
 - D) Адвокат

16. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарауға қатысушылардың ішінен артығын анықтаңыз
- A) қылмыстық полиция
 - B) жеке тұлға
 - C) маман
 - D) заңды тұлға
17. Халықаралық еңбек ұйымына қатысты мәліметтерді анықтаңыз
- I. 2010 жылы Қазақстан мүше болды*
 - II. 1919 жылы Версаль бейбіт шартты негізінде құрылды*
 - III. Штаб пәтері Париж қаласында орналасқан*
 - IV. Негізгі міндеттерінің бірі – жұмыспен қамту мәселесін шешу*
 - V. Тек қана әйелдерге қатысты кемсітушілік мәселелерін қарайды*
- A) I, V
 - B) I, III
 - C) II, IV
 - D) III
18. БҰҰ жағынан құрылған Балалар қоры
- A) ОПЕК
 - B) ЮНИСЕФ
 - C) ЕҚЫҰ
 - D) АСЕАН
19. Қазіргі жаһандық құқықтық мәдениеттің құндылықтары бастау алады
- A) Хлодвигтің «Сали заңы» жинағынан
 - B) Ежелгі Рим құқығынан
 - C) Шыңғысханның «Жасақ» заңынан
 - D) «Жеті жарғы» заңдар жинағынан
20. Құқықтық мемлекеттің қағидаттары мен оларға сай келетін тұжырымдарды сәйкестендіріңіз
- A- Адам мен азаматтың құқықтық қорғалуы*
 - Ә- Билікті бөлу*
 - Б- Заңның үстемдігі*
 - В- Соттардың тәуелсіздігі*
- 1) Мемлекеттік билік үш салаға бөлінеді: заң шығарушы, атқарушы, сот
 - 2) Заңда тікелей көрсетілген әрекеттерге рұқсат етіледі
 - 3) Заң-жоғарғы заңдық күші бар ресми акт
 - 4) Сот қызметіне араласу заңмен жазаланады
- A) 1-А; 2-Ә; 3-В; 4-Б
 - B) 1-В; 2-Б; 3-Ә; 4-А
 - C) 1-Б; 2-В; 3-А; 4-Ә
 - D) 1-Ә; 2-А; 3-Б; 4-В

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

№1 Мәтін Әкімшілік құқықбұзушылықтың түрлері

Әкімшілік құқықбұзушылық - қоғамдық немесе мемлекеттік тәртіпке, мемлекеттік немесе жекеменшікке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, айыпты, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекет. Ол үшін заңда әкімшілік жауаптылық көзделген. Қылмыстық құқықбұзушылыққа қарағанда әкімшілік құқықбұзушылық қоғамға елеулі зиян келтірмейді. Барлық әкімшілік құқықбұзушылықтар ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінде көрсетілген. Аталған кодекс 2014 жылдың 5 шілдесінде қабылданды. Соның ішінде ұсақ бұзақылық түріндегі әкімшілік құқықбұзушылыққа мысал келтірейік. Ұсақ бұзақылық – қоғамдық тәртіпті және жекетұлғалардың тыныштығын бұзатын, айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін іс-әрекеттер. Оған қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жекетұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және т.б. жатқызуға болады.

№2 Мәтін ҚР азаматтарының шетелде білім алу кезіндегі құқықтарын жүзеге асыру.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттер өздері үшін құнды мамандар дайындауға, жастарына жоғары халықаралық деңгейдегі білім беруге ұмтылуда. ҚР азаматтары шетелдерде білім ала алады. Бұл үшін білім алатын елдің тілін еркін меңгеруі және болашақ мамандығын анықтап, университетті таңдауы және ЖОО-ның барлық қабылдау шарттарымен танысуы керек.

ҚР 1993 жылдың 5 қарашасынан бастап «Болашақ» халықаралық бағдарламасы жүзеге аса бастады. Бағдарлама мақсаты - ел экономикасының басым секторлары үшін мамандар мен кадрлар даярлау. Бағдарлама бойынша академиялық білім алумен қатар (магистратура, докторантура) әлемнің жетекші компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тәжірибеден өту көзделген.

Басқа мемлекет аумағында білім алуды растайтын құжат ҚР Білім және ғылым министрлігінде нострификаттау рәсімінен өткеннен кейін жарамды болады.

21. Мәнмәтінге сүйене отырып, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты бұзуға бағытталған құқықбұзушылық түрін анықтаңыз:

- A) жала жабу
- B) ұрлық
- C) тонау
- D) ұсақ бұзақылық

22. Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 5 шілдесінде қабылданған кодексі:
- A) «ҚР Халықтың көші-қоны туралы»
 - B) «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы»
 - C) «Құқық қорғау қызметі туралы»
 - D) «ҚР азаматтығы туралы»
23. №2 Мәнмәтін бойынша Қазақстан Республикасы азаматтары үшін шетелде білім алу шартын анықтаңыз:
- A) білім алатын университетті таңдау
 - B) кем дегенде екі шетел тілін білу
 - C) халықаралық құқықпен танысу
 - D) ана тілін еркін меңгеру
24. Мәнмәтінге сүйене отырып, нострификаттау рәсімі жүргізілетін құжат түрін анықтаңыз:
- A) шетелде тууы туралы куәлікке
 - B) ҚР-да біліктілік тестілеуінен өткен сертификатқа
 - C) Шетелдік университет дипломына
 - D) ҚР медициналық мекеме берген анықтамаға
25. Мәнмәтінді пайдаланып әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты дұрыс дәйектерді анықтаңыз
- I. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексі 1998 жылы қабылданған*
 - II. Адамның қадір-қасиетіне былапыт сөз арқылы зиян келтіру, ұсақ бұзақылыққа жатады*
 - III. Қылмыстық құқықбұзушылықпен салыстырғанда әкімшілік құқықбұзушылық қоғамға елеулі зиян келтірмейді*
 - IV. Қоғамдық орында денсаулыққа ауыр зиян келтіру әкімшілік құқықбұзушылыққа жатады*
- A) II, III
 - B) I, IV
 - C) IV
 - D) I, II

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

26. Тұтынушы алған тауарын қайтара және ауыстыра алатын мерзімі (-дері)
- A) 18 күн ішінде
 - B) 17 күн ішінде
 - C) 15 күн ішінде
 - D) 14 күн ішінде
 - E) 50 күн ішінде
 - F) 30 күн ішінде
27. Жұмыскерге берілетін әлеуметтік демалыс түрі (-лері)
- A) мереке күндеріндегі демалысы
 - B) нәресте күтіміне байланысты демалыс
 - C) оқу демалысы
 - D) жалақы сақталмайтын демалыс
 - E) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы
 - F) демалыс күнгі тынығуы
28. Азаматтық іс жүргізудің Конституциялық қағидаты (-тары)
- A) Жекетұлғаның абыройы мен қадір-қасиетін сыйлау
 - B) Сот ісін жүргізу тілі
 - C) Соттардың сайланатындығы, тағайындалатыны және ауыспайтындығы
 - D) Сот төрелігін тек қана соттың жүзеге асыруы
 - E) Соттардың тәуелсіздігі және тек қана заңға бағынатындығы
 - F) Сот процестеріндегі ашықтық
29. Азаматтық іс жүргізу құқығының негізгі қағидаты (-тары):
- A) салалық
 - B) ұжымдық
 - C) конституциялық
 - D) әкімшілік
 - E) ұйымдық
 - F) гуманистік
30. БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша мамандандырылған мекемесі (-лері)
- A) ШЫҰ
 - B) НАТО
 - C) ЮНЕСКО
 - D) ЭКСПО
 - E) ЕҚЫҰ
 - F) ТМД

31. Қазақстан Республикасында құқықтық жанжалдарды шешу әдіс (-тері)
- A) Юрисдикциялық
 - B) Экономикалық
 - C) Бейюрисдикциялық
 - D) Консультативті
 - E) Әлеуметтік
 - F) Саяси
32. Бас бостандығынан айыру кезінде айыпталушының құқықтық жағдайына нұқсан келтіретін жағдаят (-тар)
- A) Қала әкіміне жазасын өтеу мерзімін қысқарту туралы өтініш жаза алады
 - B) Бостандыққа шыққаннан кейін табысының бір бөлігін мемлекет пайдасына аударады
 - C) Жұмыс таңдау еркіндігінен айрылады
 - D) Айлық жалақысын толық өз мүддесі үшін пайдаланады
 - E) Қалаған уақытында түзету колониясын тастап кетеді
 - F) Өз уақытын басқарудан шектеледі
33. Міндеттемелік құқықтағы кепіл түрі (-лері):
- A) Заттың ломбардта болуы
 - B) Тұрғын үйді сату
 - C) Жылжымайтын мүлікті айырбастау
 - D) Валюта айырбастау
 - E) Кітапты сыйға тарту
 - F) Көлікті сақтандыру
34. Қазақстанда жұмыс істейтін алқабилер сотының үлгісі (-лері)
- A) Англиялық
 - B) Ресейлік
 - C) Құрлықтық
 - D) Африкалық
 - E) Германдық
 - F) Англосаксондық
35. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылмайтын жаза түрі (-лері):
- A) заңсыз құрылысты мәжбүрлеп бұзу
 - B) әкімшілік қамаққа алу
 - C) арнайы құқықтан айыру
 - D) ескерту жасау
 - E) бас бостандығынан айыру
 - F) заңды түсіндіру